



«АДАЛ ҰРПАҚ» ЕРІКТІ МЕКТЕП КЛУБЫНЫҢ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

2023-2024 оқу жылы

1-бөлім. Ұйымдастыру-дайындық іс шаралары

№	Іс-шараның атауы	Ұсынымдар	Мақсатты топ	Мерзімдері
1	«Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубының қызметі нұйымдастыру	«Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубтарын, әдетте, жалпы білім беру мектеп басшылығының, сынып қажетекшілік ететін педагогикалық қызметкерлердің қолдауымен негізгі орта және жалпы орта білім беру бағдарламалары бойынша оқитын балалар қалаптастырады	5-11 сыныптар оқушылары ДТІЖО Қалыбаева А.	Қыркүйек-Қазан
2	«Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубының жұмыс жоспарын бекіту	Жоспарларда іс-шаралардың атаулары, олардың орындалуына жауаптылары, қатысушылары, орындау мерзімдері болуы тиіс	5-11 сыныптар оқушылары ДТІЖО Қалыбаева А. Буртекеева Г.	Қазан
3	Үнемі жаңартылып тұратын «Парасатты азамат» бұрышын жасау	Бұрыштардың басты мақсаты азаматтылыққа, отан сүйгіштікке, адамның құқықтарына, бостандықтарына және міндеттеріне құрметті, адамгершілік сезімдер мен этикалық сананы, сыбайлас жемқорлыққа төзбеу мәдениетін, еңбек сүйгіштікке, оқуға, еңбекке, өмірге жасампаздықпен қарауға тәрбиелеу.	5-11 сыныптар оқушылары ДТІЖО Буртекеева Г.	Қазан

4	Сынып сағаттарының тақырыптық жоспарларына адамгершілік және құқықтық мәдениетті арттыру мәселелерін қосу	Ар-ұят, абырой, жауапкершілік, адалдық, әділеттілік сияқты адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға ерекше көңіл бөлу қажет	5-11 Сынып оқушылары ДТЖО Қалыбаева А.М.	Қазан
5	Ата-аналар жиналысын өткізу	Жиналыс барысында құқықтық тәрбиелеуде және құқықбұзушылықтарға, оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа төзбеу мәдениетін қалыптастыруда отбасының рөлін көрсету	5-11 Сынып жетекшілері	Қараша Қаңтар Мамыр

2-бөлім. Күнтізбелік іс-шаралар кешенін іске асыру

6	«Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубының ардагер ұстаздарға және қарттарға құрмет көрсету бағдарламасы	Акция барысында оқушылар қарттар және ардагер ұстаздарға арналған құттықтау сөздер мен жылы лебіздерін білдіреді	5-11 Сынып оқушылары Тәлімгер Әлібек А Педагог-ұйымдастырушы Анармет Г	Қазан
7	Жастар қозғалысының жетекшілерімен TedX немесе печкуча форматында кездесулер ұйымдастыру	Жастар қозғалысының жетекшілерімен жастардың парасаттылығын арттыру мақсатындағы насихаттары мен ұсыныстарын тыңдау және талқылау	5-11 Сынып оқушылары Педагог-ұйымдастырушы Анармет Г	Тоқсан сайын
8	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырыпта әлеуметтік желілерде тик-токка, әлеуметтік роликке байқаулар өткізу	Қазіргі заманғы байланыс құралдары арқылы адамдардың санасына әсер ету	Педагог-ұйымдастырушы Анармет Г Тәлімгер Әлібек А	Тоқсанда 1 рет
9	«Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубының слетін ұйымдастыру	«Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубының белсенділерін және еріктілерін қабылдау	Тәлімгер Әлібек А	Қазан

10	«Адал Ұрпақ» акциясы шеңберінде тақырыптық тәрбие сағаттарын өткізу	Оқушыларды адалдыққа шақыру, тәрбиелеу, мектеп қабырғасындағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу	ДТІЖО Тәлімгер Әлібек А	Тоқсан сайын
11	«Адалдық сағаты» акциясы шеңберінде бейне-дәрістер түсіруді ұйымдастыру	Жастардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы пікірлерін бейнероликтер арқылы жеткізу	Сынып жетекшілері	Тоқсан сайын
12	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырыпта үздік эссе, әңгіме, өлең байқауларын өткізу	Әдебиетпен шығармашылық арқылы азаматтардың санасына әсер ету	Әлібек А Анармет Г Альсейтов М	Желтоқсан Сәуір
13	«Парасатты отбасы» байқауын ұйымдастыру	Отбасылық құндылықтар призмасы арқылы парасаттылық идеологиясын ілгерілету	Сынып жетекшілері ДТІЖО	Қараша Сәуір
14	«Адал және сатылмайтын еңбек бейнесі» оқушылар арасындағы сурет байқауы	Байқаудың негізгі идеясы-Мәңгілік Ел идеологиясының «түпқазық» жалпы азаматтық құндылықтарын кеңінен насихаттау	5-7 Сынып оқушылары Тәлімгер Әлібек А	Желтоқсан
15	«Жемқорлық құқық бұзушылықтардың картасы» жобалар байқауы	Бір ай ішінде оқушылар өткен жылғы аймақтық баспасөз мониторингін өткізу керек. Мониторинг нәтижелері бойынша жемқорлық құқық бұзушылықтардың картасын жасау	9-11 Сынып оқушылары Педагог ұйымдастырушы Анармет Г	Ақпан
16	«Мемлекеттік қызмет-елдің мүддесіне адал еңбек» шығарма байқауы	Өскелең ұрпақтың арасында мемлекеттік қызметі елдің мақсаттары мен даму басымдығын іске асыруға, әрбір азаматтың мүддесі үшін адал қызмет етіу және күнделікті қажеттілігін қанағаттандыруға бейімделген маңызды институт ретінде түсінуін тарату	9-11 Сынып оқушылары Қазақ тілі ӘБ жетекшісі Стамкулова А. ДТІЖО	Ақпан

17	«Пара алу құрдымға апарар жол!» флешмоб	Акция.Балаларға арналған ар-ұят,абырой,адалдық,жауапкершілік,әділеттілік сияқты қасиеттерді насихаттайтын флешмоб көрсетуді ұйымдастыру	5-11 Сынып оқушылары Тәлімгер Әлібек А. ҚББП	Наурыз
18	«Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубы ҰОС,Ауған соғысы ардегерлеріне құрмет көрсету	Өскелең ұрпақты Отан сүйгіштікке,Отанды қорғауға үйрету мақсатында ҰОС,Ауған соғысы ардагерлерімен кездесу ұйымдастыру,жылы лебіздерін білдіру	5-11 Сынып оқушылары Сынып жетекшілері	Сәуір Мамыр
19	«Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубының қорытынды жиынын өткізу	Жыл бойы атқарылған жұмыстарды талқылау	ДТІЖО Қалыбаева А.М. Буртекеева Г.Л.	Мамыр